

## "Қызылорда" әуежайы" ашық акционерлік қоғамына есім беру және "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола темір жол станциясын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 мамыр N 600

"Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 Р960281\_ қаулысына сәйкес және Қызылорда облысы мен Астана қаласы әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы

е т е д і :

1. Қызылорда қаласындағы "Қызылорда әуежайы" ашық акционерлік

қоғамына Қорқыт Ата есімі берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола темір жол станциясы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Астана темір жол станциясы деп қайта аталын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК